

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ӨНІМДІ СЕРТИФИКАТТАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 4 сәуір 1994 ж. N 320. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Өнімді сертификаттау жөніндегі жұмысты тиімді жүргізу, Қазақстанның нарығына импорттық және республикада өндірілген, адамдардың денсаулығы мен айналадағы ортаға қауіпті сапасыз өнімдердің беріліп тұруынан тұтынушылардың құқығын қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитет:

1994-1995 жылдардың ішінде Қазақстан Республикасына импортталатын және ол экспортқа шығаратын өнімдердің сертификаттары сәйкестігін өзара мойындау үшін беделді шетелдік сертификаттау ұйымдары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сертификаттау жүйесінде тіркелуін, сондай-ақ республиканың сертификаттау жөніндегі органдары мен сынақ орталықтары шет елде тіркелуін қамтамасыз етсін;

бір тектес өнімдерді сертификаттау жөніндегі органдар мен сынақ орталықтары "Қазақстан Республикасында өнімдерді (жұмыстарды, қызметтерді) міндетті түрде сертификаттауды кезең-кезеңімен енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 20 мамырдағы N 411 қаулысымен бекітілген Тізбеге сәйкес тіркелуін қамтамасыз етсін;

мүдделі ұйымдармен бірлесіп, Қазақстан Республикасында тіркелген шет елдердің сауда өкілдіктері мен шетелдік фирмаларға тауарларды республика аумағына әкелу кезінде олардың қауіпсіздігіне бақылау енгізгені туралы мәліметтерді табыс етіп отыратын болсын;

1994 жылы республика халық шаруашылығының барлық салаларына өнімдерді (жұмыстарды, қызметтерді) сертификаттау саласында мамандар даярлау мен қайта даярлау жөнінде тұрақты жұмыс істейтін курстар ұйымдастырсын.

2. Республиканың барлық шаруашылық жүргізуші субъектілері Қазақстан Республикасына өнім беріп тұруға арнап шетелдік фирмалармен контракт жасасқанда Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген

нормативті-техникалық құжаттамаға сәйкес олардың қауіпсіздік көрсеткіштеріне қойылатын талаптарды да қосатын болсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас кеден басқармасы міндетті түрде сертификаттауға жататын импорттық өнімдердің еркін айналымы үшін Қазақстан Республикасында сәйкестігі мойындалған сертификатты ұсынғанда ғана республика аймағына шығарылуын қамтамасыз етсін.

4. Министрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар, кәсіпорындар, ұйымдар және басқа шаруашылық жүргізуші субъектілер облыс, Алматы мен Ленинск қалаларының әкімдерімен бірлесіп, республикада өндірілген және міндетті түрде сертификаттауға жататын өнімдердің бүкіл номенклатурасын сертификаттау үшін органдар мен сынақ бөлімшелерін тіркеуге әзірлікті 1994-1995 жылдардың ішінде аяқтайтын болсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі